

821.512.122
5 53



سلسلہ - نوح علیہ السلام



УДК 821.512.122-94
ББК 84 Каз 7-44
Б 53

Құрастырып жазғандар:
Тынышбек Дайрабай, Молдабек Ахметов
Редакторы:
Қали Омаров
Дизайн және кітап құрастырған:
Ажи Кубенов

Б 53

Билер сөзі – киелі (Сыр елінің билері хақында)/ Құраст. : Т. Дайрабай, М. Ахметов:- Алматы, 2012. – 208 б.

ISBN 978-601-221-033-0

Алғаш рет Сыр елінен шыққан билер хақында құрастырылып жазылған кітап. Еңбекте Әйтеке, Досбол, Балаби, Тұрсынбай, Торғай, Мәмбет, Төребай, Басықара, Жәрімбет, Кетебай басқа да билер жайлы әңгіме қозғалып, олардың ел алдындағы еңбектері, билік, кесім-шешімдері, халық аузында қалған қанатты сөздері, өмір жолдары, ата-тек шежіресі қамтылған және мұрағат деректеріндегі мәліметтер келтірілген.

Билер кітабы қалың оқырман қауымға арналған.




УДК 821.512.122
ББК 84 Каз 7-44

ISBN 978-601-221-033-0

© Т.Дайрабай, М.Ахметов, 2012

Алғашқы сөзі - Алла

Сыр елінің билері хақында





«... Сондай даналардың ішінде дәуірдің үш кеменгері деп танылған Әлібекұлы Төле бидің, Келдібекұлы Қазыбек бидің, Бәйбекұлы Әйтеке бидің орны бөлек. Барша қазақ баласы аттарын ардақтап, айтқандарын жаттаған осы үш бабамыздың ел алдындағы еңбегіне, халық қамын жеген қасиетті ісіне сөз жеткізіп баға беру қиын-ақ. Халық болып сақталғанымыз, міне бүгін егемен ел атанып, тәуелсіздік туын тігіп отырғанымыз, тіпті басқасын былай қойғанда, ата-баба жерінде басымыз аман, бауырымыз бүтін жүріп жатқанымыз үшін бүгінгі ұрпақ осы аталарымыздың аруағының алдында бас иеді.

Үш данағөйдің өнегелі өмірі, ел қамын жеген адал еңбегі, топ бастаған көсемдігі, от ауызды, орақ тілді шешендігі, мүлтіксіз әділдігі жөніндегі айтар әңгіме аз емес. Олардың аузынан шыққан бітімді бата, кесімді баға, ордалы ой, бейнелі теңеу, төрт аяғы тең жорға толғаулар ғасырдан-ғасырға жұрт жадында жатталып бүгінгі күнге жетті. Осынау асыл мұра — билер сөзі кім-кімді де таңдандырмай, тамсандырмай қоймайды.»



Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ
«Тәуелсіздігіміздің бес жылы»
Алматы «Қазақстан», 1996 ж.





ӘДІЛДІК – АЛТЫН ТАРАЗЫ

Қазақ елінің мындаған жылдардан бері ғасырдан ғасырға ұласып келе жатқан мемлекеттік билігінде билер сотының алар орны ерекше. Шынайы халықтық үлгіде құрылып, ежелден елдік әдет-ғұрыпқа негізделген дәстүрлі құқық нормаларын берік ұстанған бұл сот жүйесі ұлттық санамыздағы ұзақ жылғы даму эволюциясында тек әділдік пен ақиқаттың айқын көрінісі ретінде мызғымай келді.

Би – бірінші кезекте халыққа сот төрелігін шынайы, әрі турашылдықпен жүзеге асыруда әділ билігімен танылған, соттық функцияны атқаратын мемлекеттік қызметші. Халық алдында өзінің шынайы шешімімен тараптарды татуластырған әділ ісімен бидің данқы артқан. Ондай билердің атақ-абыройы бүкіл елге тарап, мындаған шақырымдардан даушылар іздеп келіп, жүгініске отырған. Сондықтан, Қазақ елінің билер соты барша жұрт алдында кәсіби жағынан әбден шыңдалған, тәуелсіз сот билігі ретінде сақталып келді.

Екіншіден, билер біртұтас мемлекеттік билік ісіне қосқан үлесі және ел басқаруда көшелі іс, көсем сөз, даналығымен танылған құрметті тұлға. Елбасына күн туған киын сәтте халқына пана бола білген қорғаушы әрі қолдаушысы. Халық жадында «Елге бай құт емес, би – құт» немесе «Қабырғадан қар жауса – атан менен нарға күш, ел шетіне жау келсе – қабырғалы биге күш», «Хан біткеннің қазығы, бұқара жұрттың азығы» деген мұқым заманан келе жатқан даналық сөздер билердің мемлекет алдындағы беделінің өте жоғары бағалағанын көрсетеді.


Әділ айтқан би шешімі туралы: «Тура биде туған жоқ», «Қара қылды қақ жару», «Әділ билік – алтын таразы», «Ханға хандық, биге билік», «Жетпеген билік жеті ұлықтың есігін ашады», «Бір дауда екі күмән жоқ, бір істе екі жаза жоқ», «Куәлі істі куә, куәсізді күмән табар» деген мәтел сөздер халық арасына кеңінен тараған. Бұдан басқа да әділ билікті айқындап тұратын, екі тарапты бітістіріп, қастасуды татулыққа, туыстыққа айналдыратын «Ердің құны екі жүз жылқы», «Иілген басты қылыш кеспейді», «Алдына келсе атанның құнын кеш», «Жан алып жат болма», «Судың түбін шым бөгейді, даудың түбін қыз бөгейді», «Тапқан қуанады, таныған алады» деген принциптер көнеден қалған заң баптарының тармағы ретінде сақталып келді.

Билер – өз заманының дәстүрлі құқықтары мен әдет-ғұрып ережелерін заңи тұрғыдан реттеп, заман ағымына қарай жаңартып отырды. «Заманына қарай – заңы, орманына қарай – аңы болады» деген қағида ізімен тозығы кетіп, озығы жеткен заңнама үлгілерін уақытына сай жаңғыртып, елді біртұтас билікті заң ережелерімен қамтамасыз етуді де өз мойнына алған. Олар мемлекеттік істерде заң саласын жетік білетін сұңғылалығымен ел мүддесіне қажет ереже-қағидаларды иін қандырып, қолданысқа енгізе білді.

«Қара қылды қақ жарған» билеріміздің кемеңгерлігін, мемлекет мүддесін ойлаған ақылдылығы мен жүрек жұтқан ерлігін әрқашанда жалпы ұлт болып ерекше құрметтеуіміз қажет!



Бектас БЕКНАЗАРОВ,
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
АКИМАТ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ



ЕЛ БІРЛІГІН САҚТАҒАН БИЛЕР

Елбасымыз «Алаштың анасы» атаған Сырдың бойында дүйім жұртты аузына қаратқан шешендер, кара кылды қақ жарған дана билер, туған жердің шетін жатқа басқызбаған баһадүр батырлар өткен. Халық туғаны жоқтай турасын айтқан билердің кара кылды қақ жарған кесіміне тоқтаған. Сөздің қадірін білген, теңіздей тереңіне үңілген бабаларымыз би-шешендердің өсиеттері мен айтқан сөздерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, өнегесін жастардың бойына сіңіре білген. «Ханда қырық кісінің ақылы бар, биде қырық кісінің білімі мен ары бар» деген халық санасындағы даналық осынау ұлы тұлғалардың тәлімінен туындаған.

Сыр өңірінен шыққан билердің өмірі туралы бір кітапқа топтастырылған толымды зерттеудің шықпағаны өңір руханиятының бір бүйірін жұтатып тұратын. Авторлардың қолға алған бастамасы осы олқылықтың орнын тоқтырды. Әйтеке, Досбол, Балаби, Тұрсынбай, Торғай, Мәмбет, Төребай, Басықара, Кетebай, Жәрімбет басқа да билер хақындағы халық аузындағы аңызға бергісіз әңгімелер, кесім-шешімдері, қанатты сөздері, өмір жолдары, ата-тек шежіресі қамтылған еңбектің құндылығы - ондағы мұрағат деректерінің молдығында. Жас ұрпақ бұрынғы өткен дана бабаларының ұлағатын бойына сіңіріп өссе, дінгегі мықты бәйтеректей алыпқа айналады.

Тәуелсіздік жылдарында рухани қазынамызды түгендеуге Елбасы бастамасымен қолға алынған «Мәдени мұра» бағдарламасының септігі зор болды. Көне ғасырдан сыр шертетін археологиялық ескерткіштерден бастап, қазақ тарихын тереңінен зерттеуге даңғыл жол ашылды. Билер есімінің жаңғырып, ұрпақ ұстынына айналуы да – тәуелсіздік жемісі.

Сыр бойында өмір сүріп, билік құрған, әділ кесім айтқан, аузы дуалы, сөзі уәлі би-шешендердің есімдері ардақталып келеді. Олардың ізінде қалған мұралары қатталып, елді мекендер мен көшелерге аттары берілді. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын таба береді.

Тарихымызды түгендеп, салт-дәстүрімізді дәріптеп, бабалардан қалған ұлағатты сөздер мен өнегелі өсиеттерді ұрпаққа жеткізуге өзге мемлекеттермен тереземіз тең, іргелі ел болғанның және Ел Президентінің сарабдал саясаты мен биік ақыл-парасатының арқасында ғана қол жеткіздік. Бүгінгі және келер ұрпақ мұны ешқашан естен шығармауы тиіс.



Болатбек ҚУАНДЫҚОВ,
Қызылорда облысының әкімі

БИЛЕР СӨЗІ ҰРПАҚ МҰРАСЫ



Қазақ халқы – сөз қадірін өз қадірім деп біліп, кендігін де, елдігін де, кемеңгерлігі мен көсемдігін де сөзге сыйғызған. Оның тарихы да, тағдыры да, тәлімі мен тәрбиесі де, даналығы мен дала көңілі де сол сөзде жатыр.

Бітпес даудың, бәтуәсіз шудың кесімі де, шешімі де сөз болған. Тұла бойдың тылсым сырын сыртқа жаяр сезім, терең ақыл, кемел ой, арман-мұрат, мұң мен сыр – бәрі сыйған сиқыр сөздің бағасын біреу білсе, біреу білмес.

Қазақ - «ат сүрінгенше» ақыл тапқан, ұшқыр ойды қастерлеген, ғасырлар бойы сөз мұрасын қорғаштап, сөз асылын жоғалтпай келген, ардақтысы да, аяулысы да сөз болған халық.

Халқымыздың бастан кешкен аумалы-төкпелі, алмағайып замандарда өзіндік басқару жүйесі бол-

ды: ел қамын жеген ерлері, сөзін сөйлеп, жағдайын жайлаған, халықтың көкейіндегісін айтқан, көмейіндегісін жарыққа шығарған әділет жоқшысы болған шешендері, білімпаз билері болды.

Қазақтың атақты билері Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекеден қалған сөз дәстүрі ғасырлар бойы үзілген емес. Ата-бабамыз қалдырған ауыз әдебиеті дейтін ғажайып мұрасында халықтың рухани өресі, мәртебесі, тұрмыс-салты, мінез-құлқы бар, ауыз әдебиетінің інжу-маржаны деуге боларлық төзім, мәрттік, кендік, адалдық, ақ жүрек қайырымдылық қасиеттері бар осы билер сөздерінің орны ерекше. Олар жөнінде А. Байтұрсынов «Әділ билердің қолында билік қазақтың неше түрлі дертін жазатын жақсы дәрі еді», -деп дәл айтқан.

Осы қастерлі мұра, даналық пен кара қалды қақ жарған әділдіктің айғағы шешендікпен айтылған билер сөзі халықтың жадында әлі ұмытылған жоқ.

Қайсыбіреулерге ұсақ-түйек болып көрінгенмен, үлкен іске бастар, тарихымыздың тереңіне сүңгітер билер сөзін жүйелей жинақтаған бұл кітап –билердің өмірі мен тағдырын айқындап, соңында қалған сөздерін жариялау жолындағы түбегейлі де мақсатты зерттеуге ұласар қадамдардың жалғасы десек артық болмас. Бұл кітапқа соңғы уақытта жиі жарияланып жүрген билер сөзі, толғаулар, қалжың-қағытпа әзілдері және белгілі билердің кесімді билік сөзі, шешендік толғамдары өткір, тапқыр, пышақ кесті сөздері кірген. Әрі қысқа, әрі нұсқасы да бар, келелі кеңес, кеңінен пішкен кесімі де бар.

Сондай-ақ, билер өмірі жайлы жазылып, айтылып жүрген азды-көпті деректер, әртүрлі аңыз әңгімелер топтастырылған.

Билер жақсы мен жаманды, жақын мен алысты, қымбат пен арзанды, қиын мен жеңілді алға тартады. Мал дауы мен жан дауы, ар дауы мен намыс дауына кесім айтады. «Тілмен түйгенді, тіспен шеше алмас» деген тұжырым жасайды. Сараңдықты әжуалайды, бата беріп, тілек қосады. Азалы қазаны естіртіп, көңіл айтады, жұбатады, тоқтам айтады.

«Сөз шынына тоқтайды, пышақ қынына тоқтайды» деп, ауытқып, бұра тартқан тұстары болса, билер бірін-бірі тоқтатып, әділетке шақырған. Сонымен қатар, табиғатынан қуақы, ақ-жарқын, қалжыңын қанжығасына байлап жүретін қазақ билері қағытпа сөзге, көңіл көтерер әзіл-әңгімеге кет әрі болмаған.

Осы баспада «Айтқан сөзі – құрған қақпандай» болған азулы билер жайлы деректер, жинақы билердің сөзін, кесім-тоқтамын ғана емес, олар жайлы ел аузындағы әртүрлі аңыз әңгімелер де жарық көрген.

Ұрпақ тәрбиесіне ерте кезден-ақ ерекше мән берген дана халқымыз баласына болашақта елімнің арқа сүйер азаматы, келешегімнің несі, ғұмырымның жалғасы деп караған. Жастайынан ел қамын ойлайтын, Отан сүйгіш, ұлтжанды азамат етіп қалыптастыруға тырысқан. Жаңа туылған сәбиге бесік жырын жырлап, тілі енді шыққан балаға жаңылтпаш үйретіп, ертегі айтып, мақал-мәтел, эпостық жырлар, шешендік сөздерді сіңіре отырып ұрпағын тәрбиелеген.

Қазақ халқы шешендік сөздерге өте бай. Шешендік сөздер – ел құралып қалыптаса бастағаннан бері халықтың өнеге тұтып, өмір тәжірибесіне пайдаланып келе жатқан билер мен хандардың, ақындар мен шешендердің, ел ағалары болған данышпандардың, жастайынан жалындап өскен өткір ойшылдардың аузынан шыққан дуалы, өнегелі, қисынды, қасиетті сөздері. Халық сынынан, ғасыр шыңдауынан өткен ұлы көшпелі қазақ қоғамында би-шешендер көп болған. Олар дауласқан даугерлерді, жауласқан жаугерлерді бір ауыз сөзбен тоқтатқан.

Билер сөзі – халқымыздың өзіне тән табиғи дарындылығын көрсететін мәдени мұрамыздың бірі. Олар ғасырлар бойы халқымызбен бірге жасасып келе жатыр. Ата-бабаларымыз көне замандарда шешендікті екінің біріне қона бермейтін қасиет, дарын санап, қоғамға қажетті өнер деп бағалап, оны күнделікті тәрбие арқылы ұрпақ санасына сіңіріп отырған.

Бүгінгі тәуелсіз еліміздің жас ұрпағын ұлтжанды, адамгершілігі мол, жігерлі, рухани бай, парасатты етіп тәрбелеуде билердің шешендік өнері баға жетпес құндылығымыз десек артық айтпаған болар едік.

Сондықтан билер жайында, олардың баға жетпес мұра ретінде қалдырған тәлім-тәрбиелік, ұлағатты сөздері жинақталған «Билер сөзі – киелі» туындысының осы мақсатқа қосқан елеулі үлесі деп білемін.

Иран АМИРОВ,
заңгер, сенатор



БИЛЕР ЕҢБЕГІ – РУХАНИ КҮНДЫЛЫҚ

Дәстүрлі қазақ қоғамында ел басқарудың тамаша демократиялық жүйесі қалыптасқан. Ол – билер құқығы, билік иелері өткізген билер кеңесі, билер соты. Негізінен, билік қазақ халқының ежелден қалыптасқан сана-сезімінде – «ел басқару», «өкім ету» сөздерімен мәндес ұғымда. Дешті Қыпшақ дәуірінде, Жошы Ұлысы, Қазақ Ордасы, одан кейінгі патшалық Ресейдің қол астындағы кезеңдерде қазақтан талай-талай азулы да ақылман билер шыққан. Олар халық пен ханның арасында дәнекер, үйлестіруші, тіпті, мемлекеттің рухани – идеологиялық саясатын жүзеге асырушылары да болды.

Қазақтың алғашқы заңгерлерінің бірі Д.Сұлтанғазин өзінің «Бұрынғы замандағы қазақтардың билік қылуы» атты зерттеуінде: «...бағзы билер болыпты, бек білімді, атакты һәм ақылды әділетті, көпті көрген және іс бітіргенде әдет рәсімдерін тегіс біліп, әр жұмысты қара қылды қақ жарып орнына келтіреді екен..., һәм солардың бітірген жұмыстарын ұлы хандары да әрқашан бұзбайды екен... Сондай билер турасында қазақтың мақалы да бар. Батыр мен биді салыстырғанда, биді қатты артық көретінін білдіретін сол мақалы мынау: «Батыр деген бір барақ ит, екі қатынның бірі табатын, би деген бір ақсарағат, бүтін елден біреуі ғана табатын», - деп жазады

Қазақ билері бір ауыз сөзбен күн кесіп, жалғыз уәжбен дау шешкен. Билердің шешендікпен шебер айтқан мұндай ақыл, нақыл сөздері жаратылыста, қоғам өмірінде болған өзгеріс, құбылыстарды жіті көзбен байқап, бақылап айтқан озық ойының жемісі.

Осындай әдеби-халықтық, фольклорлық сұрыптаулардан кейінгі біздің заманымызға келіп жеткен шешендік сөздер шымырқанған қымыздай жұтылған, таңдай татарлық дүниелер болып келеді.

Би атауы-әлгіндей емес, белгілі бір мақсатқа, мемлекеттік мүддеге қызмет ететін, жалпы шешендіктен салыстырмалы түрде тар арнаға ыңғайланған шешендердің тобын көрсететін атау.

Бұдан билердің рөлі тек қоғамдық мәселелерді шешу үстінде ғана айрықша да, одан былайғы тұста шешендік сипаты жойылады деген ой туындамауы керек. Би дегеніміз - ел-жұрттың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, өткен-кеткен көне шежіресін,

тарихын, қоғамдық даму барысын, қоршаған табиғат пен жан-жануарлардың сан алуан қасиеттерін, құпияларын жетік білетін, бүгінгіге баға беретін, болашаққа болжам жасап, адамдардың көкірек көмбелеріне ой көзімен қарап көре алатын, қырлы-қырлы мінез-құлықтарды айтқызбай-ақ дөп басатын, ғылым-білімнен хабардар, кемел пікірлерін шешен тілмен жеткізіп беруде дара қасиеті бар біртума жандар.

Қазірде жанаша ойлау диалектикасы тұрғысынан әдеби мұрағаттарымызды қайыра екшеп жатқан тұста билер функциясының аясы барынша кең арнада қарастырылып жатыр.

Би бабаларымыз қалдырған ұлан-асыр мұраның құндылығы, олар қалыптастырған тәжірибесінің кемелдігі мен кемеңгерлігі осыдан-ақ көрінгендей. Билер сөзінің қуаты мен күдіреті, билер сотының риясыз әділдігі мен адами арлылығы, бекзаттылығы мен беделділігі осы заманғы әлемдік өркениет үшін де асыл үлгі болып саналады.

Халқымыз үшін, республикамыз үшін билер даналығын кешенді түрде уағыздаудың маңызы өте зор. Себебі, бұл өзек жалғайтын уақытқа талғажау емес, бұл – интеллектуал, зиялы, ақыл-парасат қазынасы. Осындай рухани байлық, аруақты қасиеттер ғана ұлтты дүниежүзілік деңгейге, өркениет биігіне көтере алады. Ұлтты ұлт деп санатқызатын, санатқа қосатын да осындай рухани құндылықтар.

Ендеше, аса қымбат рухани құндылық екендігі дау тудырмайтын билер даналығында бүгінгі күнімізге, тәуелсіз елімізге жәрдемі тиетін, қолғабыс боларлық үлгілердің көптігіне зер салынуы да бір тағылым. Әрине, мұның бәрі ол үлгілерді осы күнгі өмір-тіршілігімізге, қоғамдық институттар мен әлеуметтік құрылысымызға сол қалпында тік көтеріп әкеліп орната қоямыз деген сөз емес. Мәселе билер сотының әділдік, шыншылдық, турашылдық, адамгершілік, ел бірлігін сақтау сияқты қасиеттерін үлгі-өнеге тұтып қабылдап алуда, кемеңгер билердің кісілік болмыс-бітімдерін, биік өрелерін, нұрлы ақылдарын, жылы жүректерін, салқын сабыр-ұстамдарын темірқазық нысана етіп ұстануда жатыр.

Әр тарапты алуан ойлар тоғысындағы ғалымдар мен зерттеушілер, сот және басқа да құқық қорғау органдарының қайраткерлері бірауызды тоқтамға келіп, қазақтың билер сотын еркіндік пен әділеттілікті, халықтық рух пен ізгілікті аңсар мұраттарды бейнелейтін әділ соттың үлгісі, жоғары адамгершілік соты деп таныды, сөйтіп оны жалпыәлемдік мәдени құндылық ретінде бағалады.

Сонымен қорыта келгенде, қазақ билері, оның ішінде Сыр өңірінің дана билері жөніндегі бұл кітаптың келер ұрпаққа, келешек ізбасарларымызға берер тәжірибесі мен рухани байлығының мол екені сөзсіз.

**Ибрагим ТОҚБОЛАТОВ,
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы**



СУД БИЕВ – СУД ВЫСОКОЙ МОРАЛИ

Республика Казахстан провозгласив себя независимым суверенным, унитарным государством с президентской формой правления с самого начала объявила себя ответственным участником мирового сообщества (16.12.1991 г.). С тех пор Казахстан является членом ООН, а также участником многих международных договоров. Своим основным законом Республика утверждает себя демократическим, светским, правовым и социальным государством, высшими ценностями которого являются человек, его жизнь, права и свободы.

Сегодня, когда все граждане нашей большой страны празднуют 20-летие независимости, мы с полной уверенностью можем констатировать, что Казахстан состоялся как независимое государство с открытой либеральной экономикой и демократической политической системой.

В стране реализован базовый принцип современной демократии – это четкое разделение государственной власти: на законодательную, исполнительную и судебную ветви.

Следует отметить, что начало развития института правосудия в Казахстане сформировалось на основе древнего казахского права «Степное право» в средневековье, во времена кочевого общества казахов, и просуществовало несколько столетий. Это были правовые нормы в сфере политико-административного, военного и судебного регулирования. В формировании государственности и правовой культуры казахского общества важную роль сыграл традиционный институт «Суд биев».

Суд биев, как метко заметил великий ученый Казахстана, академик НАН РК С.З. Зиманов, есть продукт сугубо средневекового кочевого общества казахов, внутреннее устройство которого основано на сохранившемся родоплеменном разделении населения. В судах биев воплотились ценности народной демократии и народовластия в более естественных формах.

Бии являлись главными носителями норм права казахов, выполняли необходимые правовые функции в государстве. Суд биев – традиционный коллегиальный суд высокой морали осуществлял правосудие на основе таких фундаментальных принципов, как неподкупность, справедливость, доступность, публичность. Сопутствующими условиями были: владение судьей ораторским мастерством, приверженность моральным устоям, ориентированность на примирение сторон и полное возмещение причиненного правонарушением ущерба.

Во второй половине XVIII века Казахстан вошел в состав Российской империи, а в 1923 году в состав СССР, наряду с судами биев стала действовать, вытесняя древнее правосудие степного края, новая официальная судебная власть. С принятием Конституции 1993 года, затем новой Конституции 1995 года в Казахстане началась интенсивная интеграция судебной-правовой системы в мировую. Союз судей Казахстана в 2011 году стал равноправным членом Международной Ассоциации Судей, что также благоприятно отразится на дальнейшее интегрирование казахстанского правосудия в мировую правовую систему.

Дальнейшее продвижение судебной-правовой реформы нацелено на обеспечение доступности правосудия, повышения уровня правовой защищенности граждан, гласности и открытости, дальнейшей специализации судов, развития административной юстиции, внедрения примирительных процедур, медиации и восстановительного правосудия.

Все тому, что достигла наша страна, мы обязаны нашим предкам, которые знали цену слова, свято хранили обычаи степного права, своей мудростью веками воспитывали преемственность поколений, а значит и каждого из нас, кто сегодня гордо именуется казахстанцем.

**Владимир Михайлович БОРИСОВ,
Судьялар Одағының Төрағасы,
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы**



ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БИЛЕР — ҮЛКЕН ТҮЛҒА БОЛАТЫН

Қазақ құқығы – қазақ халқының және барлық көшпелі өркениеттің мәдени байлығы. Әр халықтың көп ғасырлық тарихында келесі ұрпақтар бойында мақтаныш сезімін туғызатын оқиғалар, белгілі күндер мен тұлғалар болады. Қазақтардың көшпелі қоғамы қойнауында қалыптасқан билер соты қазақ этностық әдет-ғұрып құқығының қалыптасуы мен қызмет етуінде маңызды рөлге ие болып, сот іс жүргізушілік құқығының орталық институтына айналды. Ұлт болып ұйығаннан бері берік қалыптасқан дәстүрлі қазақ қоғамының саяси - әлеуметтік жүйесіндегі демократиялық биліктің иесін би деп атаған. Би дегеніміз кез келген отбасынан шығуы мүмкін болатын. Ол ең алдымен



өзінің отбасына сөзі өтетін, содан кейін көршісіне әділ төрелік айтатын, одан ауылы тындайтын, ақыры бүкіл ел сөзіне тоқтайтындай адам «Би» ретінде мойындалды.

Қазақтың Майқы биі, Аяз биі, Мөңке биі, Бейсенбі биі, Әнет баба, Бұхар биі, Төле биі, Қаздауысты Қазыбек биі, Әйтеке биі, Нияз биі (Тілеуліұлы), Шоң биі, Шеген биі (Мұсаұлы), Мамашәріп биі, Ерден биі, Беген биі (Азынабайұлы) және тағы да басқа билері осындай данагөй, қара қылды қақ жаратын әділ, ел мен елді, ағайынды бір-бірімен жарастырушы бітімгер, халық қатты құрметтеген тарихи тұлғалар. Тарихи, энциклопедиялық әдебиеттерде оншақты би-шешендер хақында айтылып жүргенімен, әлі де ескерусіз, елеусіз қалып келе жатқан қазақтың белгілі билері қаншама!

Осы орайда, «Билер сөзі - киелі» кітабы Сыр жерінің төл тума билері хақында сөз қозғайтын таптырмас туындылардың бірі болып отыр.

Билер соты ұзақ уақыттар бойы сөзсіз қазақ қоғамының құқықтық өмірінде қоғамдық-саяси маңызға ие болғанын жоққа шығара алмаймыз. Билер соты көшпелі қазақтың дәстүрлі әлеуметтік және саяси өмірінде өшпес із қалдырып, бүгінгі күні бұл бағыттағы тарихи ғылым қоғамның сан қырлы өзгеруімен заңнамаға жол берді. Өткенге үңіліп, бүгінгіні бағамдау қажет. Бұл орайда, «Сыр - Алаштың Анасы» атанған Сыр өлкесінің данагөй билерін зерттеген кітаптың келер ұрпаққа берер тәлімі мол болмақ.

Марат Қалмұратұлы САБЫРБАЕВ,
Қызылорда облыстық сотының төрағасы,
заң ғылымдарының кандидаты



БИ – ХАЛЫҚ ШЕЖІРЕШІСІ, ДАНАСЫ, ӘРІ ЗАҢГЕРІ

I

Қазақстандағы (Ақмола қаласында) отарлау әкімшілігінде қызмет еткен Ресей империясының ерекше тапсырмалар жөніндегі чиновнигі И.Козлов қазақтардың әдеттік-құқықтық нормалары мен құқықтық институттарын арнайы зерттеу негізінде 1882 ж. жариялаған еңбегінде билерді халық шежірешісі, данасы, әрі заңгері ретінде көрсетті. Автор сонымен қатар билердің кіршіксіз әділдік пен білім иелері болғандығын да жазды. Аталмыш анықтама XIX ғасырда да Қазақ Даласында болған және «Алтын ғасырдың» соттық дәстүрін сақтап қалған билердің тобына қатысты айтылды. Сол шағын топтың ішіндегі билердің кейбіреуі «көне нысандағы» қазақ әділ сотының бұрынғы даңқын қайта тірілтуге тырысты. Қазақтардың соттық-құқықтық жүйесін жақсы білетін адамдардың

барлығы дерлік осы пікірде болды. «Киргизский народный суд» деп аталатын 60 баспа беттік көлемді мақаласында А. Зувев қазақ билері парасатты да, дана болған, олардың соты өмірдің өзі сияқты шындығымен, әрі пәктігімен ерекшеленді деп жазды. Ал Б.Н.Дельвиц болса қазақ билерін «әдет құқығының жалғыз сақтаушысы» деп атаған болатын.

Ауызша-фольклорлық тарихнама мен кейінгі кезеңдегі жазбаларда көрініс тапқан қыпшақтардың Ұлы Даласында XIII-XIX ғасырларда өмір сүрген атақты қазақ билері көптеп саналады.

Ерте және кейінгі жазба деректерге карағанда ұлттық және аймақтық әділ сот тарихына енген билер саны жүзден астам. Ол билердің ішінде заңдылық пен әділ соттың «Алтын ғасырының» дәстүрлерін ғасырдан-ғасырға жеткізіп, сақтаған және оны әркез уағыздап отырған билер де көп болатын. Мысалы, Майқы би, Аяз би, Едіге би (Ноғайлы – қазақ елінен), Төле би, (Ұлы жүз), Қазыбек би (Орта жүз), Әйтеке би (Кіші жүз), Жәнібек би (Торғайда), Тіленші би, Есет би, Әнет баба би, Сырым би, Саққұлақ би (Бөгенбай батырдың немересі, Ереймен жерінде), Шорман би, Шоң би (Баянауылдан), Сайдалы би және Аққошқар би (Арғын елінен), Ерден би (Бағаналыдан), Бала би, Досбол би, Ақтайлақ би, Мөңке би, Байдалы би, Тоқсаба би, т.б. Таңғаларлығы олар ұлан-байтақ қазақ-қыпшақ даласының әр түкпірінде өз руластары арасында, өз ауылдарында өмір сүргенімен, олардың атағы бүкіл Ұлы Далаға әйгілі болды. Қазақ билерінің барлығы қай ғасырда, қай жерде, қай рулы елде өмір сүргендігіне карамастан қазақ әділ сотының атасы атанған Майқы биді бірдей пір тұтқан. Орталық Азияның ұлан-байтақ аумағының түрлі бөліктерінде орналасқан қазақтардың этникалық, тілдік-мәдени және идеялық-психологиялық бірлігін түсіндіретін құпиялардың бірі дәл осы қазақ құқығы мен әділ сотының жүйесінде деп есептеуге толық негіз бар.

XIII-XIV ғасырларда Шыңғысхан дәуірінде өмір сүрген көне түрік руларының бірінен шыққан Майқы бидің рөлі мен орны қазақтың дәстүрлі әділ сотының негізгі қағидаларына айналған қысқа да нұсқа ережелерден көрініс тапты, мәселен: «Түгел

сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би», сондай-ақ тұтастай құқықтық және саяси тәртіпке айналған: «Әдет – әдет емес, жөн – әдет» «Тіл жүйрік емес, шын – жүйрік», «Кеңесшісі бар ел кемімес», «Хан атаулының қызығы, қара бұқараның азығы».

Кейбір деректер бойынша 90 жыл өмір сүрген (1663 жылы туылған) Ұлы жүзден шыққан Төле би өз дәуіріндегі бүкіл Қазақ Даласына атағы шығып «төбе би» тағына ие болғанын біз жақсы білеміз. Ол тоғыз жасынан бастап билік ісіне араласа бастайды, ал 15-жасында-ақ өз аймағына танылған биге айналды. Төле би мұрасын зерттеушілер «Төле би айтыпты» дейтін қағидалар қатарына: «Елге бай құт емес, би – құт», «Қабырғадан қар жауса – атан менен нарға күш, ел шетіне жау келсе – қабырғалы биге күш» деген ережелерді жатқызады.

Өз заманында қазақ құқығының тарихында «заңшығарушыға» айналған Орта жүзден шыққан Қазыбек би де (1677-1763) өзінің артында нормативтік-прецеденттік мәні бар мұра қалдырған. Мысалы, «Ана – баласының қызғышы, өзін қиса да оны от пен өлімге қимайды». Бұл нормативтік қағидаға негіз болған оқиға: Бірде оның алдына балаға таласқан екі әйел келіп дауын айтады. Олардың бірі әлгі баланы туғанын және жоғалтып алып, енді тапқанын айтса, екіншісі баланы өзі туғанын айтады. Қазыбек би екеуінің сөзін бірдей тыңдап болған соң, біраз ойланып, қызметшілерінің біріне баланы алдыртып, оның аяқ-қолын тартып, өзі қолына қылыш алып әлгі әйелдерге баланы бөліп беретіндігін айтады. Сонда әлгі әйелдердің бірі өлтірсең өлтір деп безеріп тұрып алады, ал екінші әйел ойбайлап, баладан бас тартатынын, тек оны өлтірмендер деп айғай салады. Қазыбек би баланы әрине екінші әйелге беріп: «Ана – баласының қызғышы, өзін қиса да оны от пен өлімге қимайды», – дейді.

Кіші жүздің атақты биі Әйтеке (1682-1766) айтыпты дейтін нормативтік ереже: «Көрген алмайды, білген алады». Бұл ереженің шығуына мына оқиға себеп болған көрінеді: бірде Әйтеке бидің алдына түлкіге таласып екі адам келеді. Олардың бірі түлкіні көрген жерінен оның қыстыгүні терісі өскенге дейін біраз уақыт аңдығанын айтады. Ал екіншісі түлкіні өзіне ін қазғанша аңдып, ол інін қазып, ішіне кіргенде, оны қазып алғандығын айтады. Әйтеке би мынадай шешім шығарады: егер түлкі ұрғашы болса ол екінші адамға, ал егер ұрғашы болмаса онда бірінші адамға бұйыруы тиіс. Себебі ұрғашы түлкі осы уақытта ін сақтайды деп түсіндіреді.

Сонда жиналған жұрт Әйтекенің білгіштігі мен негізді сөзіне тамсанады. Нәтижесінде қазақ құқығында: «Көрген алмайды, білген алады» деген қағида сақталып қалады.

II

«Көне нысандағы қазақ сотын қазақ халқының ұзаққа созылған тарихында басынан өткерген көшпелі өркениет шеңберінде пайда болған және дамыған құбылыс ретінде түсіну және тану қажет. Қазақтың атақты тарихшысы Манаш Қозыбаевтың айтуына қарағанда «қазақ шын мәнісінде дала перзенті еді».

Қазақтар өздерін және өз мемлекеттілігін «Киіз туырлықты қазақ хандығы» деп атаған. «Көне нысандағы» бұл сот әділ сот та, халық соты да бола білді. Ол әмбебап маңызы бар әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің құқықтық институттарына негізделген динамикалық құқықтық аяда, жалпыұлттық мүдделерге сай қасталық, таптық және жергілікті мүдделерден ада өктемдік-нормативтік ережелерге сәйкес іске асырылды. Сот шешімі рудың, аумақтың атынан шығарылмайтын, оны әділ де тәуелсіз би шығаратын.

Қазақ құқығында бекітілген би-соттың әрекет ету талабының негіздері моральдық императивтік күшке ие болған қысқа да, нұсқа құқықтық ережелерде көрініс табатын болған. Оның негізгі нормасы: «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп; бұған қосымша «Туғанына бұрғаны биді Құдай ұрғаны» деп сипатталады.

Қазақтың билер сотының тағы бір маңызды ерекшелігі – оның руханилығы, яғни қарастырылып отырған істің материалдық мазмұнына қарағанда рухани мазмұнының басымырақ болуы, екінші жағынан би әрқашанда моральдық қағидаларды басшылыққа алуға тырысты.

Халықтың санасында әрқашан «Ханда қырық кісінің ақылы бар, биде қырық кісінің білімі мен ары бар», «Бай мал сақтайды, би ар сақтайды» деген қанатты сөздер жаңғырып тұрды. Осы және өзге де нормативтік-моральдық қағидалар әділ соттың «Алтын ғасыры» дәуіріндегі бидің болмысынан көрініс тапты.

Атақты Әйтеке би ұрпақтарына «Менің өмірім – өзгенікі, өлім ғана өзімдікі» деген өсиет қалдырды.

Қазақтың билер соты өзіне жүгінген тараптардың дауларын қарастыра отырып, тараптардың арасында, рудың арасындағы бітімгершілікке және бірлікке қол жеткізуге тырысатын. Билер сотының осы асқақ мұраттарының талабына жауап беру үшін билер дала даналарының мектебінен өтуге, алдыңғы ұлы билердің сынынан сүрінбеуге тиіс болды. Сонымен қатар қазақ құқығын терең меңгеруге тырысты және өздерінің шешендігін әркез шындаумен болды. Осы талаптар «Алтын ғасырының» шынайы бейнесін тудыруға қабілетті еді.

Қазақ сотының бұл бейнесі ХІХ ортасында да халық санасында сақталды. Бұл жөнінде өткен ғасырда өмір сүрген қазақтардың ішінен шыққан білімді топтың айтқан немесе жазып қалдырған мұралары көп-ақ. Еуропалықтардың ішінен бұл жөнінде Орынбор, Омбы, Ташкент қалаларындағы отарлау әкімшілігінде қызмет еткен және Ресей Үкіметінің арнайы тапсырмасы бойынша көшпелі әрі жартылай көшпелі халықтардың, оның ішінде қазақтардың әдеттік-құқықтық институттарын зерттеген орыстың білімді чиновниктері жазған болатын. Олардың барлығы дерлік қазақ құқығының «халықтық сипаттағы құқықтық дәстүрлер» болғандығын, ал билер әділ сотты жүзеге асырып қана қоймай, құқық шығармашылықпен айналысқандығын да тілге тиек еткен.

Олардың айтуынша бұл сот сонымен бірге «ашық, жария, ауызша және бітімгершілік сипатта болғанын», ал сот процесінің өзі және оның шешімдері әділеттікке негізделгенін жазды (Л.Ф.Баллюзек, К.И.Козлов, Д.Андре, т.б.), «Қазақтар соттың әділдігіне қатты қарайтын», «Әділдік – оның негізгі өзегін құрады» (А.Краханев).

III

Қазақ билері өз ар-ожданы мен сот әділдігін жүзеге асыруда өзге Орталық Азия хандықтарындағы этникалық аймақтардағы билерден, би-бектерден елеулі түрде өзгешеленді. Қазақ билерінің жалпы түркі тілді кеңістіктегі әлеуметтік топтың, оның ішіндегі билеуші топтың ішінен даралануы қазақ-қыпшақ көшпелі өркениеттің өзіндік ерекшелігі негізінде қалыптасты.

Қазақ-қыпшақтардың Ұлы Даласындағы билердің дамуы Орта Азия даласының басқа бөліктеріне қарағанда, өзгеше жолмен өрбіді. Қазақ билері тек әділ сотты ғана жүргізді, ал көршілес түркі жерлеріндегі «би» титулын иеленушілер елбасының жанында әкімшілік және кеңесшілік қызметтерді атқарған.

Қазақ билері көшпелі және жартылай көшпелі қоғамдағы соттық-құқықтық істе ұрпақтар даналығы мен білімін меңгерген зиялы топ ретінде қалыптасты. Әдет құқығының нормативтік байлығын меңгеру және оны шебер қолдана білу, шешендік шеберлік пен халық алдында өзін көрсете білуі, халықтың тарихы мен тұрмыс-тіршілігін жетік білуі – билердің үлкен билік жолына жолдама алуының басты шарты болды.

1820 жылы аралығында қазақ құқығын зерттеген атақты зерттеушілердің бірі Самоквасов орыстың және Еуропаның соттық жүйесін жақсы біле отырып, «звание бия в сознании народном принадлежит тем немногим, которые соединяют в себе глубокие познания в коренных обычаях народа и в исторических о них преданиях», – деп жазды. XIX және XX ғасырлар тоғысындағы Қазақ Даласында өмір сүрген ұлттық мәдениеттің ірі қайраткері С.Сейфуллин де қазақ биінің болмысы мен табиғатын ерекше сипаттап берген болатын. Ол: «Елдің ескіліктен екшеліп келе жатқан жол-жоба, салт, дәстүр, заң ережелерінің дәстүр жинақтарын, бұрынғылардың шежіресін, өнегелі, үлгілі сөздерін жадына көп тоқып, жатқа айтуға ұстарған, «билігі жүрген» ру басылардан көсем шыққан, өздері де тұрмыстан туған қорытынды сөздерді әдемілеп жұптап, ұйқастырып айта алатындай болған шешендер – би атанған, – деп жазды.

«Көне нысандағы» қазақ биінің рөлі мен орны қысқа да, нұсқа ел ішінде мақалға айналған мына байламдарда өте жақсы көрініс тапқан: «Биі жақсының елі жақсы», «Батыр елін жауға бермейді, би елін дауға бермейді».

Қазақтардың халық ауыз әдебиетінің үлгілерін зерттеушілер қазақтың Ұлы Даласында «би» және «шешен» сөздері бір мағына береді, синонимдер деген пікірлі бірауыздан мақұлдайды. Шешен адамды би дейтін, шешен адам биге айналатын. Қазақтардың «шешендігі» тек сөз шеберлігін ғана емес, сонымен қатар әділдіктің мағынасын көрсеткен дәлелдемелік күшімен де ерекшеленді. Бұл қазақтың: «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген қанатты сөзінен айқын көрінеді. XVIII ғасырдың ірі билерінің бірі Қазыбек биді кезінде «Ағын судай әйгілі шешен», деп те атаған.

Атақты зерттеушілердің бірі Б.Адамбаевтың пікірінше, «шешен би» ұғымы Жиренше шешен (XV-XVI ғасырлар шамасы) заманынан бері осылай бөлініп айтылып келеді. Ол: «Би» мен «шешен» деген атаулар тіпті революцияға дейін қатар қолданылып, кейде бірін-бірі ауыстырып келгені кездейсоқ емес», – дейді.

Арнайы әдебиеттерде «би» сөзі түркі тілінен шыққандығы туралы көзқарас орныққан және ол шығыс билеушілерінің – хандардың, сұлтандардың жанындағы маңызды лауазымдық титулды білдірді. Ол тарихтың әр түрлі кезеңдерінде әр түрлі түркі халықтарында «бек», «бей», «би» деп әртүрлі аталып жүрді.

Бірақ әрқашан бұл сөз «билік», «билеу» дегенді білдірді. Әдетте ол кеңесші, идеолог, ақылшы, дана ретінде бағаланды, бірақ өте сирек жағдайда бек-би мемлекеттегі бірінші тұлға болған еді.

Қазақтың «би» сөзінің де бастауы бастапқыдағы түркілік мәнімен тікелей байланысты және де «билік» элементтерінің көрінісі болып табылады. Ол терминологиялық символ мәнін жоғалта қойған жоқ. Ал басқа жағдайлардың барлығында ол арнайы-мазмұндық ұғым ретінде өзге синонимдерден даралық танытты. Орталық Азияның Ұлы Даласында немесе қазақ-қыпшақ жерлерінің тікелей мұрагері болып табылатын қазақ хандықтарындағы, жүздері мен рулық бірлестіктерде «би» ұғымы соттық сипаты басым, өзгеше мәнде дами бастады.

Оған өз кезегінде шаруашылық жүргізудің көшпелі әдісі де белгілі дәрежеде ықпал етті. Билер негізінен әділ сотпен байланысты ерекше топты құраған болатын. Ұлы

Даладағы сот билігі екі мағынада көрініс берді: біріншіден дала жұртындағы сот ісін жүргізудің негізгі құралы, екіншіден – құқықтүзушілік сипатқа ие болды. Қазақ билері соттың да, заң шығарушының да ролін атқарды. Бұл қазақ билерінің басқа түркі тілді елдердегі бек-билерден басты айырмашылығы болып табылады. Бидің қазақ жұртындағы көтерер жүгі ауыр еді. Би тарихи-құқықтық жағынан терең білімді болумен қатар қолданылып жүрген дала құқығы жүйесін жетік меңгеруі тиіс еді. Оны игеру оңай болмайтын. Қазақ құқығының нормативтік жүйесі үш маңызды бөліктен құралды: а) қысқа да нұсқа мақал-мәтел түрінде көрініс тапқан негізгі нормативтік ережелер мен әдеттік-құқықтық институттардан; ә) Қазақ құқығында оны құрастыруға ерекше ат салысқан атақты хандар мен билердің атымен тікелей байланысты ірілі-ұсақты нормативтік-құқықтық ережелер жинағы бар. Оған: Тәуке ханның «Жеті жарғысы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» жатады; б) бидің үлгілі билігі, яғни атақты, билерден қалған үлгілі сөздер, оларды «Атадан қалған үлгі», «Биден қалған жол өнеге, жол жоралғы сөз» деп те атайды. Олардың әрқайсысы қысқа да нұсқа, әрі айшықты сөз тіркесімен безендіріліп беріліп отырған.

IV

Қазақстандағы сот билігі негізінен қалалық мәдениет тудырған, құқықтық нормаларға, әрі мұсылман құқығына сүйенген басқа да жекелеген Орталық Азиялық елдер мен мемлекеттерге қарағанда зайырлы да, менталды болды және жалпымемлекеттік билікке көп әсер етті, билердің билігі кейде тіпті жоғарғы билік – хандық билікпен қатар тұрды.

Қазақ халқы мен оның мемлекеттілігінің дамуындағы тұтастай бір тарихи дәуірді құраған заңдылық пен сот әділдігінің «Алтын ғасыры» қоғамның табиғи болмысын бейнелеу мен қатар, соттық-құқықтық қатынастар тұрғысынан жалпыұлттық құндылықтар дәрежесіне көтерілген құбылыс болды.

Қазақтың Ұлы Даласында би билігінің және оның иеленушілерінің жауапкершілігін айқындайтын талаптар мен қағидалардың тұтас жүйесі қалыптасып қолданылғанын көреміз. Ол талаптар мен қағидалар моральдық-өнегелілік критерийлерге негізделді. Олар жеке тұлға мен адамның рухани-шығармашылық тұрғыдан қалыптасуына маңызды ықпал ете алатын қанатты сөздер мен айшықты афоризмдер нысанында көрініс тауып жатты.

Билер сотында сот ісі дәстүрлі ережелер мен әдеттік-құқықтық нормалар негізінде дереу, ашық, әділетті жүргізілді. Қазақ даласындағы сот ісін жүргізу қарапайым, түсінікті, белгілі бір мағынада ерікті болған, бірақ сонымен бірге сот ісін жүргізу ежелден келе жатқан қысқа, оңтайлы ережелерде бейнеленді.

Сотқа деген сенімсіздік пен күдікті жою үшін негізінен сотқа дейінгі дайындық пен сот процесін бастау рәсіміне ерекше көңіл бөлінді. Сот ісін жүргізудің екі негізгі нысанын ажыратуға болады. Біріншіден, билер сотына жүгіну бастамасы тараптарға, яғни дауласушыларға берілген, сонымен қатар сот ісін жүргізуде бидің өзі де бастамалық танытатын.

Даулы істің күрделілігіне, ескілігіне және дереу қарау қажеттілігіне қарай сот ісі жеке дара немесе алқалы түрде қаралуы ықтимал. Бидің сотта өз руластары мен ауылдастарының мүддесін қорғауы үйреншікті, әрі құптарлық іс саналып, ондай биді ешкім «туысынды қорғадың» деп істен аластата алмады.

Сот ісін жүргізуде оны бастаудың дәстүрлі символдық сипаты басым екі нысаны болды. Оның бірі – «жүгініс» деп аталды. Яғни сот ісіне қатысушы субъектінің «жау-

апкер» немесе «талапкер» ретінде белгілі бір қалыпта отырып уәжін білдіруі. Бұл рәсім әрқашанда күрделі емес істерді қарастырғанда да қолданылатын. Екіншісі – тараптардың өкілдері, яғни өз билері (қорғаушылары) қатысатын топтық істерде қолданылатын. Бұл жағдайларда тараптардың әрқайсысының жағынан бір-бір адам шығып бидің алдына өз камшыларын қояды, егер камшылары болмаса, оның орнына шапанының «белбеулерін» шешіп қояды. Бұл тараптардың сот алдында дауды қарастыруға дайын екендігін және оның шешімін мойындайтындығын білдіреді. Істі қарастыру кезіндегі қызуқандылыққа, дәлелдеуге шешендікке карамастан, тараптардың қорғаушылары арасында айыпталушы мен жәбірленушінің жеке мүдделері ғана емес, ауылдық-рулық мүдде, ел намысы тұратын, әрі дауды бітіммен аяқтауға тырысатын. Егер даулы істе жауапкер тараптың кінәсі толық мойнына қойылмай жатса, онда беделді адамдардың «ант беруіне» сүйенетін. «Ант берушіні» кінәлі тарап – жауапкер тандайтын.

Ал сот шешімін орындау жәбірленуші жақ – «талапкер» немесе «даугерге» жүктелетін. Көшпелі қазақ қоғамында жеке адамның кінәсі рулы елдің, жүздің кінәсі ретінде бағаланатын. Сондықтан билер сотының шешімін орындауды камтамасыз ету бүкіл рудың міндеті болып табылатын. Сот шешімі орындалмай қалса, жәбірленуші барымта жасау, яғни жауапкер тараптың малын айдап әкету құқығына ие болатын.

«Көне нысандағы» қазақ құқығында сот ісін жүргізу даулы істі қараудан гөрі өнерге ұқсас болды. Сот ісіндегі сайысушылық әдет-ғұрыптарды, тарихи өткенді білу мен қатар шешендіктің сынына ұқсайтын. Сондықтан сот ісіне халық көп жиналатын, ал «От ауызды, орақ тілді» дейтін билер өздерінің бар шеберлігін осында көрсетіп қалуға тырысатын.

Қазақ даласында ондай билердің ХІХ ғасырдың ортасында ұшыратуға болатын. ХІХ ғ. бірінші жартысындағы ондай билердің біріне, мысалы, Орта жүздің Қанжығалы руынан шыққан Меңдеке батырдың баласы Шәңкі биді (1811 жылы туған) жатқызуға болады. Ол өмір бойы адал қызмет етіп, өз өмірінде төрт қағиданы берік ұстанды: «Адал еңбек, таза кәсіп, терең ой, әділдік». Сондай-ақ Шәңкі туралы оның замандасы, атағы елге жайылған Сакқұлак би: «Бұндай шешендік қасиет мен білетін ешкімде де жоқ. Ол сөз ақыны, оның адалдық, әділеттен басқа жолы жоқ еді», – деген болатын. ХІХ ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ұлы билердің соны – Құнанбайдың баласы Абай болды.

**Салық ЗИМАНОВ,
ҚР ҰҒА академигі**

Әдебиеттер:

1. Козлов И.А. Обычное право киргизов. В. кн.: Материалы по казахскому обычному праву. Сб. 1. - Алма-Ата, 1948. - 225-бет.
2. Зуев А. Киргизский народный суд // Журнал Министерства юстиции. – 1867. - №3.
3. Дельвиг Б.Н. Киргизский народный суд в связи с правовым положением инородцев Степного края // Журнал Министерства юстиции. - 1910. - №5.
4. Төрекұлов Н. Төле би. - Алматы, 1992.
5. Самоквасов Д. Сборник обычного права Сибирских инородцев. - Варшава, 1876.
6. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. - Қызыл-Орда, 1932. - 34-бет.
7. Қазақтың ата заңдары. - Алматы: Жеті жарғы, 2003. - 2 том. - 43-бет.
8. Баталов Ғ. Шәңкі би // Қазақ әдебиеті. - 1993. - №8.



ДАЛА ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ БАСТАУЫНДА – БИЛЕР СӨЗІ

Қазақ, қазақ болғалы аталы сөзге тоқтап, халық сайлаған билерді қастерлеп, олардың билік шешімдері мен кесімдеріне келіскен халық.

Қазақ ұлттық энциклопедиясында – Би туралы арнайы тоқтап, бидің қоғамдағы және өмірдегі рөлін бағамдап жазған. Би сөзін түрлі зерттеушілер: 1. ел билеушісі, иелік етуші; 2. сот, төреші; 3. батагөй, шешен; 4. бітістіруші дипломат, елші ретінде ұғынылған» - деп ортақ байламға топтастырған.

Қазақ қоғамында билік жүйесі бірнеше тармақтарға бөлінгенін көреміз. Ауыл-аймақ арасындағы билікті рудағы белгілі адам атқарса, өңір-аймақты билігімен, көсемдігімен көрінген ру, тайпа басшылары басқарған. Ең жоғары деңгейдегі билікте негізінен хандар мен сұлтандар болған.

Негізгі билік оларда болғанмен билер олардың

биліктерін шектеп отырған. Батырлар мен байларға карағанда билер тобы халыққа жақын. Өйткені, олар алдарына келген дау-жанжалдарды көпшілікпен, жариялы түрде шешкен. Кейде билер ру басшылығы мен әкімшілік қызметті де қоса атқарып қана қоймай, қарамағындағылардың іс-әрекетіне де жауапты болған.

«Тура биде – туған жоқ», – дегендей, қазақ халқының тарихында қара қылды қақ жарған билер өте көп болған. Солардың басындағы Төле би, Қаздауысты Қазыбек би, Әйтеке би т.б. ханның өзімен шендескен әрі олар көршілес қалмақ, жоңғар, қокан, хиуа, қарақалпақ, өзбек, қырғыз, түрікмен елдері арасындағы дау-жанжалдарды шешу жолында қоғам және мемлекет қайраткері ретінде көріне білген.

Патша заманының кезеңінде билерді генерал-губернаторлар сайлап, бекіткен. Жалпы қай кезеңде болсын бидің рөлі төмендеген емес.

Кей кезде ел-елдің, мемлекет арасында жүрген билерді елші деп те атаған. Тарихта Танатар, Тәтімбет тағы басқа кісілердің елші ретінде танылғаны белгілі. Демек елші – дегеніміз де би.

Қазақ халқының (Қазақ хандығының - Т.Д.) тарихында билер кеңесі ең жоғарғы билік айтатын орын болған. Әсіресе өте үлкен де күрделі мәселелердің төңірегінде билер кеңесіне жиналған. Тарихта Мөртөбедегі, Құлтөбедегі, Битөбедегі, XVIII-XIX ғасырлардағы Қаракұм мен Ырғыздағы билер кеңесі көп нәрсені шешкен кеңестер қатарынан орын алады. Сондай билер кеңесінде Тәуке хан «Жеті жарғы» заңын бекітіп, заңдастырған-ды.

Билер сотының қазақ қоғамында орны ерекше болған. Нұралы ханның іс-әрекетіне қарсы болып, хан тағынан тайдыруға – 185 би қол қойып, ақ патшаға хат жазған. Билер соты екі жақты тыңдап алып барып, тіпті ант қабылдатқан кезі де болса керек. Қазақ сотында қылмыстық іске үкім, азаматтық істерге кесім шығарып отырған. Екі жақ келісе алмаса Төбе бидің алдында тарқасқан.